*Social security is a form of expression of the social policy of the state. It is aimed at providing a certain category of citizens with state budget funds and allocating funds from special extra-budgetary funds when a situation occurs on the part of the state that has become a significant event (during its development) in order to balance the civil social status with another member of society.*

*An integral part of the aforementioned pension provision and social protection of the elderly is the provision of social assistance. Therefore, it is necessary to give them recommendations related to the improvement of the system of social rehabilitation and the provision of social assistance with an increase in social guarantees that ensure the provision of social assistance by the state.*

**Key words:** *Social Code, elderly, social rehabilitation, European Social Charter, Madrid International Action Plan.*

DOI: 10.52026/2788-5291\_2023\_72\_1\_43

### Кіріспе

Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады<sup>2</sup> деген ережеге толық жауап беруі үшін, оның ең қымбат қазынасы-адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостан-

дықтарын башылыққа алатын Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексін қабылдау қажеттілігі кезек күттірмейтін мемлекеттік маңызды міндеттердің бірі болып отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын-

<sup>2</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүзінші мерзімі 08.12.2022 ж.).

да әлеуметтік саясаттың жаңа модельның қажеттілігін атап өтіп, халықтың табысын екі ай ішінде арттыру бағдарламасын қабылдауды тапсырды, сондай-ақ Әлеуметтік кодексті әзірлеуге кірісуді тапсырды. Президентің пікірінше, мұндай шешім қабылдау мемлекет жауапкершілігінің бұлыңғырлығына және азаматтардың өз құқықтарын түсінбеуіне байланысты болды. Сол үшін «Үкімет әлеуметтік Кодекстің уақытылы қабылдануын қамтамасыз етуге тиіс. Осы құжат шеңберінде біз әлеуметтік саясатты пандемия сын-тегеуріндері мен жинақталған проблемаларды ескере отырып, жаңа болмысқа бейімдеуіміз керек. Әлеуметтік кодекс жаңа қоғамдық келісімнің негізгі элементі болуы тиіс», - деді Мемлекет басшысы<sup>3</sup>.

Қазіргі таңда мемлекет басшысы тарапынан әлеуметтік саладағы мемлекет жауапкершілігінің бұлыңғырлығын мойындау осы саладағы заңнамалардың әркелкі және бір ізділіктік жоқтығын түсіндіріп тұрғандай.

Шынында Қазақстан Республикасының әлеуметтік заңнамасы шашыраңқы түрде әркелкі және негізгі халықаралық стандарттарға сәйкес келе бермейді. Жаңа Қазақстанда қоғамдық қатынастарды реттеудегі құқықтың маңызы мен орны артып келе жатқанына қарамастан, заңға тәуелді және ведомстволық нормашығару көлемі азаймай отыр, бұл құқық нормаларын тікелей қолдануды және заңдылық қағидаларын жүзеге асыруды белгілі бір дәрежеде қиындатып отырғанын мойындау қажет. Сол себепті, әлеуметтік саладағы заңнаманы қалыптастырудың тұжырымдамалық тәсілінің болмауы көптеген қарама-қайшылықтар мен олқылықтарды, олардың тиімділігінің төмендігін негіздейді, бұл іс жүзінде азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыру құқықтарының тиесті дәрежеде қорғалмауына және сақталмауына әкеп соғады.

Жоғарыда аталған себептерге байланысты қазіргі қолданыстағы Қазақстанның әлеуметтік саладағы заңнамасы шашыраңқы, жүйесіз, кей жағдайларда бір біріне қарама-қайшы және қолдануы қиын болып келеді. Қазіргі таңда әлеуметтік саладағы заңдарды тек осы салада қызмет атқаратын мамандарғана түсіне алатын құқық саласына айналып барады. Себебі әлеуметті саладағы

заңдардың шашраңқы және заңдардың тікелей емес атқарушы органдарының қаулылары арқылы реттелуі әлеуметтік саладағы дағдарысты туындатып отыр. Мысалы пандемия кезінде жаппай халықты үйде оқшаулау кезінде табысынан айрылған азаматтар не істеу керек екенін және қайда бару керектігін білмей үлкен дау болғаны әлі есімізде.

Аталған мәселерді шешу үшін осы саладағы заңнамаларды біріктіре салу жеткіліксіз болары анық. Мемлекет басшысы айтқандай әлеуметтік саясаттың жаңа үлгісін қалыптастыру қажет. Ол үшін халықаралық стандарттарға сәйкес келетін салалық барлық әлеуметтік заңнаманы елеулі түрде қайта қарау жөнінде шаралар қабылдау қажет, оның нәтижесі жаңа Қазақстанның Әлеуметтік кодексі болуға тиіс.

Сондықтан Қазақстан осы орайда, Әлеуметтік кодексі бар Германия, Франция мемлекеттерінің ерекшеліктерін ескерген жөн. «Кеңес одағынан тәуелсіздік алған мемлекеттерде де Әлеуметтік кодекстің үлгісі жоқ» [1, 45 б]. Сол себепті Қазақстан Әлеуметтік кодексті қабылдауды Орта Азия мемлекеттері арасында ең алғаш ұсынып отырған мемлекет ретінде үлкен жауапкершілікті иеленіп отыр.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында айтқан тапсырмасын іске асыру мақсатында Үкіметке 2021 жылғы сәуірде Әлеуметтік кодекс жобасын енгізген болатын. Содан кейін 2022 жылғы тамыз айында Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ведомствоның ресми сайтында Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасын алдын ала талқылау үшін орналастырды.

Әлеуметтік кодекстің болашағы заңгерлерді толғандыратын салмақты мәселе. Еуропалық әлеуметтік хартия халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаларын басшылыққа ала отырып: әлеуметтік медициналық көмек; денсаулық жағдайына байланысты көмеке мұқтаж науқастарға, жұмыссыздық және кәрілік бойынша көмек; зейнетақымен қамтамасыз ету; өндірістік жаракат алған жағдайда көмек; балалы отбасыларға жүктілігі және босануы бойынша, мүгедектігі бойынша, асыраушысы қайтыс болған жағдайда, жерлеуге көмек көрсету

<sup>3</sup> Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі Мемлекет Басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000002020> (жүзінгі мерзімі 08.12.2022 ж.).

салаларын біріктіретін Әлеуметтік кодекс қабылдау қажет.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясын, БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын басшылыққа ала отырып, басқа ұйымдарда айқындалған салаларда ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігін қамтамасыз ететін реттеуші нормалары Қазақстан Республикасының жаңа Әлеуметтік кодексінде әлеуметтік жауапкершілік мәселелері тиісті деңгейде көрсетілуі тиіс. «Әлеуметтік жауапкершілік экология, әлеуметтік әділеттілік, теңдік сияқты мәселелерді қамтитын кең ұғым. Бұл тек бизнеске ғана емес, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарға да қатысты. Бұған мысал ретінде «әлеуметтік жауапкершілік» халықаралық стандартын келтіруге болады» [1, 55 б.]. Оның идеологиялық негізі – халықаралық ұйымдардың құжаттарында бекітілген мәжбүрлі және балалар еңбегіне, ерлер мен әйелдердің еңбегіне бірдей ақы төлеуге, бірлестіктер құру еркіндігіне, қауіпсіздік, денсаулық сақтау және т.б. қарастырылуы қажет.

Қазіргі таңда әлеуметтік мәселелердің ауқымы кең, нақтырақ айтар болсақ адам құқықтарынан бастап ең төменгі жалақы мен жұмыспен қамту, әлеуметтік диалог, әлеуметтік қорғау және т.б. салаларды қамтиды.

### Әдістер мен материалдар

Осы мақаланы дайындау процесінде қазіргі ғылымда белгілі, қоғамдық процестерді және оның әлеуметтік-құқықтық құбылыстарын тануға мүмкіндік беретін диалектикалық әдіс, оның категориялық-ұғымдық аппараттары, ғылыми таным қағидалары құрайды. Сонымен қатар мақалада жалпы және жеке ғылыми таным жүйелі-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, қисындық-зәңи, статистикалық, нақты-социологиялық әдістер әлеуметтік саладағы қатынастарды құқықтық реттеудің тиімділігін арттыруға ықпал ететін бірқатар ережелерді белгілеуге мүмкіндік берді. Аталған мәселені зерттеуде Қазақстандық және Ресейлік ғалымдардың еңбектері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалары зерттелді.

### Талқылаулар

Жаңа Қазақстанның Әлеуметтік кодексінің жобасы толықтай Қазақстан Республикасы Конституциясына сәйкес келіп, әлеумет-

тік қатынастарды құқықтық реттеудің негіздерін белгілеуге, азаматтардың әлеуметтік құқықтары мен оларды іске асыру тетігін бекітуге, әлеуметтік қамсыздандыру жөніндегі қатынастарға қатысушылардың құқықтық жағдайын айқындауға және азаматтардың әлеуметтік қамсыздандыруға құқықтарының пайда болу, жүзеге асырылу және қорғалу тәртібін реттеуге арналуға тиіс.

Әлеуметтік кодекс жобасында азаматтардың еңбек, азаматтық, тұрғын үй және салық қатынастары, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, инфрақұрылым, экология, қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік құқықтарын бекіту қажет. Сонымен бірге, әлеуметтік қамсыздандырудың бірыңғай мемлекеттік жүйесін құру және қолданыстағы әлеуметтік заңнамаларды біріктіру қажет. Атап айтқанда, зейнетақы, жәрдемақы, өтемақы, әлеуметтік және медициналық тегін көмек және т. б.

Әлеуметтік кодекс тиімділігін арттыру үшін белгілі бір мақсаттарды анықтау қажет. Ең алдымен, орта мерзімді және ұзақ мерзімді демографиялық саясатты, сондай-ақ қандай да бір жеңілдіктер немесе жәрдемақылар алуға тиіс адамдардың санын болжау, яғни жан басына шаққандағы қаржыландыруды болжау қажет [2, 60 б.]. Содан кейін халықтың әлеуметтік осал топтарын әлеуметтік қолдауға, әлеуметтік жеңілдіктер мен жәрдемақыларды реттеуге, ақшалай кірістердің өсуін қамтамасыз етуге, халықты жұмыспен қамтуды арттыру негізінде кедейлік көрсеткішін қысқартуға ерекше мән беру қажет. Әлеуметтік кодексте бұл мәселелерге бірінші кезекте назар аударылу керек.

Әлеуметтік кодексте мемлекеттік билік органдары арасындағы бюджетаралық қатынастарды реттеп, жетілдіре отырып, азаматтардың Конституцияда бекітілген негізгі әлеуметтік кепілдіктері мен құқықтарын іске асыруға бағытталған ең төменгі мемлекеттік әлеуметтік стандарттарды бекіту қажет. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы өңірлік және әлеуметтік саясаттың міндеттері елдің барлық аймақтарының тұрғындарының тұрғылықты жеріне қарамастан әлеуметтік-экономикалық құқықтарын жүзеге асыруына тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету керек.

«Кодексті қабылдау халықтың әлеуметтік заңнаманы түсінуін жеңілдетіп қана қоймай, нормативтік құқықтық актілер мазмұнының

бірыңғай стилін қамтамасыз етеді (әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы бірқатар заңдар 90-шы жылдардың басында қабылданған, ал одан бері НҚА әзірлеу тәсілдері айтарлықтай өзгерген).

Сондай-ақ, Кодекс шеңберінде азаматтардың әлеуметтік құқықтарын жүйелеу жүзеге асырылады – бір құжатта адамның өмір жолында, тіршілік әрекетінің барлық салаларында туындайтын барлық базалық құқықтар, оның ішінде ең төменгі әлеуметтік стандарттар көрсетілетін болады»<sup>4</sup>.

«Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және жұмыс орындарында кемсітушілікке жол бермеу үшін еңбек инспекциясына арнап оқу материалдарын әзірлеу қажет. Қазақстан үшін тән проблемалар ретінде төмендегілерді бөліп қарауға болады: заңнаманың сақталуын қамтамасыз етудің төмен деңгейі; санкциялардың жеткіліксіздігі; және еңбек инспекциясы ор-гандары үшін ресурстардың жетіспеушілігі; қызметкерлер арасындағы құқықтар туралы шектеулі хабардар болу; теңдікті қамтамасыз етуде, кемсітушілікке тыйым салуда әлеуметтік әріптестердің әлеуетінің төмендігі; кемсітушілікке арналған негіздердің шектеулі заңнамалық жиынтығы; кемсітушілікке жол бермеуге байланысты міндеттемелерге қатысты жеке сектордағы жұмыс берушілердің шектеулі хабардар болуы» [3, 149 б.].

Қазіргі уақытта қазақстандықтарға 1 Кодекспен, 16 заңмен және 100-ден астам заңға тәуелді актімен реттелетін әлеуметтік қамсыздандыру шараларының кең спектрі ұсынылады. Жаңа кодекстің негізгі мақсаты – бұл халықтың түсінуін жеңілдету үшін осы саладағы қолданыстағы заңнаманың барлық нормаларын бір құжатта шоғырландыру. Әлеуметтік кодекс азаматтардың ұсыныстарын ескере отырып әзірленеді және адам өмірінің әрбір кезеңіне қатысты бөлімдерді қамтиды. Бұл қазақстандықтарға мемлекеттік қолдау шараларын оңай түсінуге мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен ұсынып отырылған қазіргі уақытта қоғамдық талқылаудағы Әлеуметтік кодекс жобасын үкіметтік емес қоғамдық бірлестіктер, бастамашыл азаматтар және Парламент депутаттары және осы саладағы сарапшының қатысуымен құрылған жұмыстобы 30-

дан астам заңнамалық және 150 заңға тәуелді актілерді зерделем әлеуметтік кодекстің тұжырымдамасын дайындаған болатын.

Әлеуметтік кодекс жобасын дайындаған жұмыс тобыекі бөліктен тұратын – жалпы және ерекше бөлімнен, 21 тарауға тұжырымдалған кодексті жасауды ұсынады.

Жалпы бөлімде мемлекет пен азамат арасындағы әлеуметтік қатынастарды олардың өзара міндеттемелерін нақты айқындай отырып, құқықтық реттеудің негіздері белгіленеді.

Ерекше бөлім әлеуметтік тәуекелдердің жекелеген түрлеріне арналған, онда оларға ден қою шаралары, әлеуметтік көмек алушылардың санаттары, төлемдердің мөлшері, оларды тағайындау шарттары мен мерзімдері айқындалатын болады<sup>5</sup>.

Әлеуметтік кодексті әзірлеудің мақсаты азаматтардың өздерінің әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін іске асыру үшін институционалдық, экономикалық және ұйымдастырушылық жағдайлар жасау болып табылады.

Жаңа Кодекстің басты мақсаты әлеуметтік қамсыздандырусаладағы барлық қолданыстағы заңнаманы бір құжатқа жинақтау. Кодексті қабылдау нормативтік құқықтық актілерді ұсынудың әлеуметтік қорғауды қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, Кодекс аясында азаматтардың әлеуметтік құқықтары жүйеленіп бір құжатта адамның өмірінің барлық салаларында өмір жолында туындайтын барлық негізгі құқықтар, соның ішінде ең төменгі әлеуметтік стандарттар қамтылуы қажет.

«Әлеуметтік қорғаудың үлгілері: Неміс үлгісі — адам өзінің белсенді шағында төлеген ақшадан аударылымына сәйкес әлеуметтік құқығы қамтамасыз етіледі. Мүмкіндігі шектеулі отбасыларының барлығына арналған түрлі мемлекеттік бағдарламалар бар;

Ағылшын үлгісі – қандай да бір санатқа жатсын, жатпасын, әлеуметтік жәрдемнің минимум өлшемі қарастырылған» [4, 15 б.].

Біздің ойымша, Еуропалық әлеуметтік хартия халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған қағидаттарын басшылыққа ала отырып: әлеуметтік медициналық көмек; денсаулық жағдайына байланысты көмеке мұқтаж науқастарға, жұмыссыздық және кәрілік бойынша көмек; зейнетақымен

<sup>4</sup> Әлеуметтік кодекс тұжырымдамасының жобасы «Ашық деректер» порталында орналастырылған // <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek> (жүгіну мерзімі 08.12.2022 ж.).

<sup>5</sup> Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодекстің және ілесне заңдардың жобалары <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/> (жүгіну мерзімі 08.12.2022 ж.).

қамтамасыз ету; өндірістік жарақат алған жағдайда көмек; балалы отбасыларға жүктілігі және босануы бойынша, мүгедектігі бойынша, асыраушысы қайтыс болған жағдайда, егде жастағы азаматтарды әлеуметтік қорғау және жерлеуге көмек көрсету салаларын біріктіретін Әлеуметтік кодекс қабылдау қажет.

### Нәтижелер

Жоғарыда аталған зейнетақымен қамтамасыз етумен егде жастағы адамдарды әлеуметтік қорғаудың ажырамас бөлігі әлеуметтік көмек көрсету болып табылады. Сол себепті оларға мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек көрсетуді қамтамасыз ететін әлеуметтік кепілдіктерді арттыра отырып әлеуметтік оңалту және әлеуметтік көмек көрсету жүйесін жетілдіру маңызды болып табылады. Әлеуметтік оңалту – бұл қажетті жағдайларды қамтамасыз етуге және осы топтардың қоғамда толыққанды өмірге оралуына бағытталған әлеуметтік-экономикалық, медициналық, құқықтық, кәсіби және басқа да шаралар кешені болып табылады [5, 20 б.].

2002 жылғы халықтың қартаю мәселелері жөніндегі Мадрид халықаралық іс-қимыл жоспарын 159 мемлекеттің өкілдерімен қабылдаған. Оның ішінде Қазақстан да ресми түрде қолдап, дауыс бергені бәрімізге белгілі. Бұл құжат егде жастағы адамдардың қоғам дамуына белсенді қатысуын арттыруға бағытталған әлеуметтік саясатты жүзеге асыруға және олардың қартаю кезеңінде қауіпсіз өмір сүруге мүмкіндік береді<sup>6</sup>. Сондықтан егде жастағы адамдарға қатысты қартаю мәселелеріне байланысты БҰҰ Декларациясы ұлттық стратегиялық бағдарламаны дайындауға әдістемелік негізгі құжат болар еді. Мадрид жоспары қартаю мәселелерін шешумен айналысатын арнайы бағдарламаны қабылдауды және оны жүзеге асыратын ұйымдар құруды ұсынады. Бұл аталған ұйымдардың тиімді жұмыс істеу үшін құрамына халықтың қартаю мәселелеріне байланысты зерттеу жүргізген ғалымдар мен мемлекеттік емес ұйымдарды қосу арқылы жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге болар еді.

Қазіргі Қазақстан Республикасында Әлеуметтік кодексті қабылдау бастамасы өте орынды және қажет деп ойлаймыз. Ұсы-

нылып отырған Әлеуметтік кодексте егде жастағы азаматтарды әлеуметтік қорғалу саласы ескерілмей қалған. Ал елімізде егде жастағы адамдардың барлығына бірдей емес, тек белгілі бір тобын әлеуметтік қорғауды қамтамасыз еткен. Оған дәлел ретінде ҚР Конституциясының 28-бабына сәйкес жасы келген азаматтар науқастанған, мүгедек болған немесе асыраушысынан айырылған жағдайларда ғана әлеуметтік қорғауға кепілдік берілген<sup>7</sup>. Осы жағдайларға байланысты егде жастағы азаматтардың әлеуметтік құқықтарын жақсарту мақсатында Әлеуметтік кодекске «егде жастағы адам» терминін және мемлекет тарапынан әлеуметтік қорғауға кепілдік беретін нормаларды енгізуді ұсынамыз.

Әлеуметтік саладағы терминдер мен ұғымдардың негізгі анықтамаларын бірізділендіру қажет. Әлеуметтік сала ұғымдарының анықтамалары әлеуметтік қатынастарды жанама түрде реттейтін көптеген әлеуметтік заңдарда әртүрлі қолданып жүрген терминдер бар. Мысалы, елімізде егде жастағы адамдарға зейнетке шыққан адамдар деген түсінік қалыптасқан. Халықтың көпшілігі оларды «ересек азаматтар» немесе «зейнетке шыққандар» деп қарайды. Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінде және бұқаралық ақпарат құралдарында егде жастағы адамдарды әртүрлі терминмен атайды. Бір құқықтық актілерде «егде адамдар» деп көрсетеді (әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы құқықтық актілер), басқа бір заңдарда «қарттар» деп көрсетеді (денсаулық сақтау саласындағы құқықтық актілер), жалпылама ғылымда «кәрілік» термині қолданылады.

«Зейнеткер» және «зейнет жасына жеткен тұлға» терминдері зейнетақы заңымен анықталса, «егде», «егде жастағы адамдар» терминдері әлеуметтік-құқықтық табиғаты болса да, Қазақстан Республикасының заңдарымен нақтыланбаған.

Сол себепті біз Дүниежүзілік денсаулық ұйымының бекіткен классификациясын негізге ала отырып, Қазақстан Республикасындағы егде жастағы адамдардың құқықтық мәртебесін анықтау үшін төмендегідей анықтама беруді жөн көріп, ұсынып отырмыз: «Егде жастағы адам» – денсаулығы өзгеруіне байланысты, әлеуметтік оқшаулану

<sup>6</sup> Мадридский международный план действий по проблемам старения Мадрид, 8–12 апреля, 2002 года. <https://www.un.org/ru> (жүзінү мерзімі 08.12.2022 ж.).

<sup>7</sup> Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000> (жүзінү мерзімі 08.12.2022 ж.).

және үнемі көмек, қамқорлық көрсетуді қажет етумен сипатталатын жасы 60 жастан асқан адамдар. Бұл анықтама өзге бар анықтамаларға қосымша ретінде беріледі және оларды толықтыруға бағытталады [6, 507 б.].

Елімізде халықаралық еңбек ұйымының терминологияны пайдалану кеңінен таралуда конвенцияларында қамтылған терминдер ұлттық заңнамада біршама ерекшеленеді және осыған байланысты белгілі бір қарама қайшылықтар туындайды. Қазақстан Республикасында қалыптасқан осындай ауқымды әлеуметтік саланы құқықтық реттеудің барлық терминдерін біріздендіруге және Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі арқылы құқық қолданушыларға бірыңғай ұғымын анықтау қажет.

### Қорытынды

Әлемдегі барлық елдер үшін өзекті мәселе болып табылатын зейнетақымен қамтамасыз ету саласында жалпы халық санына қарағанда, егде жастағы азаматтар үлесінің біртіндеп артуына байланысты бірқатар әлеуметтік құқықтық мәселелер пайда бола бастады. Осының нәтижесінде елдің зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін кешіктірмей реформалаудың қажеттілігі өткір сезілді. Кез келген мемлекетте халықты әлеуметтік қорғаудың құрамдас, ажырамас бөлігі болып зейнетақымен қамтамасыз ету табылады. Бұл деген қоғамның барлық мүшелерінің мүддесін қамтиды. Осылайша, зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесінің ең маңызды міндеттерінің бірі сапалы құқық шығармашылығы болып табылады. Егде жастағы азаматтарды зейнетақымен қамтамасыз ету әлеуметтік мемлекеттің ең негізгі элементі болып табылады. Зейнетақы қатынастары – бұл зейнетақы қоры және олардың салымшылары мен мемлекет арасындағы туындайтын әлеуметтік құқықтық қатынастарды айтсақ болады.

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының (БЖЗҚ) салымшылары қорда жиналған міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік жарналарына «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабына сәйкес, инфляция деңгейін еске отырып нақты салынған зейнетақы жарналарына ғана мемлекет кепілдік берген<sup>8</sup>. Бұл жерде бірыңғай жинақтаушы зейнетақы

қорының салымшылары қорда жиналған жарналарының инфляциясына мемлекет тарапынан кепілдік бермеген. 1998 жылдан 2018 жылға дейін БЖЗҚ-да жиналған қаражаттың инвестициялық табысы инфляция деңгейімен бірдей болып келеді. Бұл дегеніміз салымшылардың БЖЗҚ-дағы жарналары соңғы жиырма жыл бойы тапқан табыстарын инфляция жеп қойды немесе БЖЗҚ-дағы жарналары ешқандай инвестициялық табыс таппады деп есептесек болады. Сонымен бірге күннен-күнге қордағы жарналар өзінің нарықтық құнын жоғалтып жатыр деген сөз. Себебі 1998 жылдан бері Қазақстанда үш рет теңгенің ең ірі құнсыздануын бастан кешірді, осы теңгенің соңғы құнсыздануы 2015 жыл теңге жүз пайызға құнсызданды, бұл БЖЗҚ-дағы жарналар жүз пайызға құнын жоғалтты деген сөз. Мысалы, 1998 жылы нанның бағасы шамамен он теңге болса, 2018 жылы нанның бағасы жүз теңгені құрап отыр, сонымен қатар, 1998 жылы БЖЗҚ-ға салынған он теңге қазіргі уақытта тоқсан теңге инвестициялық табыс таппағаны белгілі, бұдан нарықта заттың бағасы неше еселеп өсіп жатқанын көреміз. Қазіргі жастар да немесе БЖЗҚ-ның салымшылары да болашақта зейнетке шыққан кезде қорда табыс таппай жатқан барлық қаражатқа немересіне бір ойыншық алып беруіне жетпейді деген әзіл аралас өз ойын білдіріп жүр. 2015 жылғы теңгенің құнсыздануына байланысты сол кезде мемлекет екінші деңгейдегі банктерде теңгемен сақталған депозиттерге өтемақы төледі, бірақ БЖЗҚ-дағы жарналарға өтемақы төлеуді қарастырмады, осының нәтижесінде БЖЗҚ-дағы жарналар өзінің құқығын бір есеге құнын жоғалтып алды. Сондықтан мемлекетке 2015 жылғы теңгенің құнсыздануына байланысты БЖЗҚ-дағы жарналарға өтемақы төлеуді ұсынамыз, сонда ғана әділдік орнар еді.

Аталған 5-бапқа сәйкес, мемлекет тек міндетті зейнетақы жарналары мен міндетті кәсіптік жарналарының нақты құнына ғана кепілдік бергенін байқаймыз. Алайда ерікті зейнетақы жарналарын мемлекет сақтандырмаған, бұл жерде ешқандай жерде басқаларға жалданып жұмыс істемейтін тек өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, шетелде тұрақты түрде жұмыс істейтін Қазақстан азаматтарының ерікті жинақтаушы зейнетақы қорындағы жарналарына ешқандай мемлекет тарапынан

<sup>8</sup> Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 маусымдағы № 105-V Заңы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1300000105> (жүзінші мерзімі 08.12.2022 ж.).

кепілдікті пайдалана алмайды. Сол себепті біз аталған бапқа Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшылары қорда жиналған міндетті зейнетақы жарналары, міндетті кәсіптік жарналары мен ерікті зейнетақы жарналарының инфляция деңгейін ескере отырып, нақты салынған зейнетақы

жарналарын сақтай отырып, инвестициялық табыстың ең төменгі мөлшеріне мемлекет кепілдік беруі қажет деп ойлаймыз. Сондықтан да Жаңа Қазақстанның Әлеуметтік кодексінде бұл мәселелер ескерілуі қажет деп пайымдаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР

1. Путило Н.В. *Социальные права в постиндустриальном обществе. Монография.* - М.: Издательство: Проспект, 2021. - 120 с.
2. Пашикова Г.Г. *Право социального обеспечения: учебное пособие.* - Томск : Издательский Дом Томского государственного университета. 2018. - 160 с.
3. Бурибаев Е.А., Хамзина Ж.А., Көшпенбетов Б.Х. *Жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікке тыйым салу стандарттары: Қазақстанда имплементациялау болашағы // Қазақстан Республикасы Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы.* - №2(60) 2020. - Б. 144-152.
4. Ясырева И.Н. *Право социального обеспечения о комплексной реабилитации инвалидов: автореф. дисс. канд. юрид. наук.* - Пермь, 2007. - 22 с.
5. Рогачев Д.И. *Метод права социального обеспечения: автореф. дисс. канд. юрид. наук.* - М., 2002. - 26 с.
6. Aertsen, Ivo, and Tony Peters. *Mediation and Restorative Justice in Belgium // European Journal on Criminal Policy and Research.* - 2008, vol. 6, issue 4. - pp. 507-525.

## REFERENCES

1. Putilo N. V. *Sotsialnye prava v postindustrialnom obshestve. Monografiya.* - M.: Izdatelstvo: Prospekt, 2021. - 120 s.
2. Pashkova G.G. *Pravo sotsialnogo obespechenia: uchebnoe posobie.* - Tomsk : Izdatelsku Dom Tomskogo gosudarstvennogo universiteta. 2018. - 160 s.
3. Buribaev E.A., Hamzina J.A., Koshpenbetov B.H. *Jumyspen qamtu salasyndagy kemsitushilikke tyiym salu standartary: Qazaqstanda implementatsialau bolashagy // Qazaqstan Respublikasy Zannama jane quyqytyq apparat institutyryn Jarshysy.* - №2(60) 2020. - B.144-152.
4. Iasyreva I. N. *Pravo sotsialnogo obespechenia o kompleksnoi reabilitatsii invalidov: avtoref. diss. kand. iyrid. nauk.* - Perm, 2007. - 22 s.
5. Rogachev D. I. *Metod prava sotsialnogo obespechenia: avtoref. diss. kand. iyrid. nauk.* - M., 2002.- 26 s.
6. Aertsen, Ivo, and Tony Peters. *Mediation and Restorative Justice in Belgium // European Journal on Criminal Policy and Research.* - 2008, vol. 6, issue 4. - pp.507-525.